

Ерменов Р.Т., Жоламанов Т.Д.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРІН ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУДЕН KEЙІНГІ
ҚАЛЫПТАСҚАН ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ АУМАҚТЫ АҚПАРАТТЫ
ЕСЕПТЕУ ЖҮЙЕСІНЕ ҚОСУ

Аңдатпа

Ауылшаруашылық мекемелерін жекешелендіруден кейінгі қалыптасқан территориялық аумақты жүйеге қосу.

Кілт сөздер: Жер ресурстары, нормативті-анықтамалық ақпарат, ауыл шаруашылығы алқаптары.

Кіріспе

Қазақстан Республикасы жер көлемі (272,5 млн.га) бойынша дүние жүзінде тоғызыншы орынды алады. Қазақстанның аумағы Евразия материгінің ортасында орналасқан және батыста Волганың төменгі бетінен, шығыста Алтайға дейін және солтүстікте Батыс Сібір жазығынан, оңтүстікте Тянь-Шаньға дейін созылып жатыр.

Республика шекарасының ұзындығы 12,2 мың шақырымды құрайды, оның ішінде Ресей Федерациясымен – 6,5 мың шақырым, Түркменстанмен – 0,4 мың шақырым, Өзбекстан Республикасымен – 2,3 мың шақырым, Қытаймен – 1,5 мың шақырым [1].

Қазақстанның ішкі континенталдық жағдайы оның аумағының барлық физикалық-географиялық келбетіне, әсіресе гидрографиясына, топырақтық-өсімдіктік жамылғысына және жануарлар әлеміне әсер етеді. Республика шегінде он табиғи-ауыл шаруашылық зоналары белгіленеді: батыста орманды даладан – солтүстікте субтропикалық шөлді.

Ауыл шаруашылық мәндегі жерлер – 93,1 млн га, елді мекендер жерлері – 20,2 млн.га, өнеркәсіп, көлік, басқа да ауыл шаруашылық емес мәндегі жерлер – 11,1 млн.га, аса мұқият қорғалатын жерлер – 1,2 млн га, орман қоры жерлері – 22,2 млн.га, су қоры жерлері – 3,5 млн.га және қордағы жерлер – 118,7 млн.га құрайды.

Қазақстанның әкімшілік-аумақтық құрылымына 14 облыс, республикалық мәндегі 2 қала, 160 әкімшілік аудандар, 300 қала және кенттер, 7,2 мың ауылдық елді мекендер кіреді [2].

Республика аумағы көп орманды емес. Орман көлемі 13 млн га (4,88%) алады, оның ішінде орманмен жабылған жер көлемі 8,6 млн.га. Сумен жабылған жер көлемі 7,7 млн.га. Қазақстан аумағында 85 мың өзендер мен уақытша ағын сулар бар, олардың көбі ішкі тұйық бассейнге жатады [3]. Республикада сонымен қатар көлемі, мөлшері және су сапасы бойынша әр түрлі көлдер көп.

Міне осы ресурстарды толық және дұрыс пайдалану үшін әрдайым бүгінгі күнге сәйкес жайға келтіріліп, жаңартылып отырылатын мемлекеттік жер кадастрының мәні өте зор. Мемлекеттік жер кадастрының, оның автоматтандырылған ақпараттық жүйесі жердің сапасы, құрамы, пайдаланылуы және онымен қатар жер пайдалану субъектілері жайында мәліметтермен әрқашан қамтамасыз етіп отырады.

Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі негізгі жобалау принциптерін есепке алу арқылы кезең бойынша негізі қаланады. Бұдан бұрын пайда болған жер кадастрын жүргізудің автоматтандырылған жүйесі келесі кезеңдерден тұрады:

- жер ресурстарын пайдаланумен талдаудың шаруашылық бағасын автоматтандырылған жүйеге ендіру және онда өңдеу жұмыстарын жүргізу;

- жер ресурстарын пайдалануымен талдауының ішкі шаруашылық бағалануының автоматтандырылған жүйесі;

- жер ресурстарын және автоматтандырылған мәліметтер қоры бар а.ш. кәсіпорын жұмысының шаруашылық-өндірістік бағасының экономикалық көрсеткіштерін пайдаланудың ақпараттық жүйелері;

- шаруашылықтар, аудандар, облыстар, аумақтар, республикалар жалпы ел бойынша жер балансын құрудың автоматтандырылған жүйелері;

- жер кадастрын жүргізу жүйелерін ақпараттық-есептеуіш жүйелері мен «табиғи ресурстар» ақпараттық жүйесінің құрамындағы су және орман кадастрларын жүргізу жүйелерімен өзара байланыстыруды қамтамасыз ету. Жер туралы ақпараттың қорғалуы мен нақтылығын қамтамасыз ету мақсатында ел, аймақ немесе аудандық деңгейдегі программа-техникалық кешен мына талаптарға сәйкес келуі қажет:

- санкцияланбаған әрекеттен қорғайтын сертификатталған жүйеге қол жеткізу;
- эксплуатациялық программаның регламенттік санағы;
- ақпараттарды енгізудің арнайы процедураларының орындалуын қамтамасыз ету;
- архивті көшірмелерді кезекпен басып шығару;
- ақпараттардың қолайсыз жағдайлардан сақталу дәрежесі

Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (МЖКААЖ) ең жаңа компьютерлік технологияларды қолдану жағдайларында құрылу негізі кезеңдер бойынша таралады. Жүйенің құрылу кезеңділігімен жүзеге асырылуына мына негізгі факторлар әсер етеді: оның тарауларын құру мен жүргізуге кететін қаржының адекваттылығы, шаруашылық механизміндегі оларды пайдалану тиімділігі, белгілі уақыт кезеңіндегі инвестициялық приоритеті [4].

Аталған факторлады есепке ала отырып, автоматтандырылған жүйені құрудың алғашқы кезеңінде жер учаскелеріне құқықтарды тіркеу жүйесі өңделіп, енгізіледі, олар жерге меншік иелерінің, пайдаланушыларымен арендаторлардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді. Осындай тіркеу жүйесі жылжымайтын мүлікке қатысты келіссөздер, жер учаскесі үшін төленетін төлемдерді реттеуді қамтамасыз етеді.

Жүйенің құрылу негізі, картографиялық материалдарды сандық ретке келтіруімен байланысты, сонымен қатар автоматтандырылған ақпараттық жүйенің эксплуатациясын, қызмет көрсетуін қарастыратын кадастрлық сервисті орталықтарының желілерін ұйымдастыруын қамтиды.

Осындай орталықтардың функциялар қатарына мыналар кіреді:

- жүйе компоненттерінің программалық қамтамасыз етілуін орнату;
- автоматтандырылған технологияға жер кадастрын жүргізуді ендіруге қатысу және ұйымдастыру және оларды оқытуды жүргізу;
- жүйенің техникалық құралдарын ұйымдастыру.

Мәліметтер қорының құрылымы, оның құрамына енетін жазбалардың логикалық орналасуы және өзара байланысты логикалық жазбаларға қол жеткізуге мүмкіндік беретін құралдармен анықталады.

Жүйедегі мәліметтердің логикалық құрылымының құрылу негізі – тиімділікті анықтайтын аса маңызды факторлардың бірі. Мысалы, мәліметтер қорының жазбаларды мыналарды қамтуы мүмкін:

- жер учаскелерімен аумақтық зоналардың орналасуы жайлы мәліметтер;
- жер алқаптарының сапасы мен саны жайлы ақпарат, ішкі шаруашылық жерлерін бағалауды жүргізуге мүмкіндік беретін мәліметтер (жер массивтер мен жер учаскелер идентификаторы, топырақ контурлары әртүрлілігінің мөлшері мен саны, учаскелер ауданы, а.ш.алқаптар түрлері сен түршелері, топырақ типтері, гранулометриялық топырақ құрамы, гумус горизонтының қуаты, топырақ су режимінің жағдайлары, су, жер эрозия жағдайы, микрооельеф, тастылық, сортаңдану, жер алқаптарының жалпы және жеке бағасы;
- кадастрлық бағалауды жүргізуге мүмкіндік беретін мәліметтер (жер аудандары және топырақтың агроөндірістік топтарының жер бағалық мәліметтері, мелиоративтік жағдай,

локальды жер бағалау баллдары бойынша құрылған жер пайдаланушылық түрлері мен формалары)

- шаруашылық жүргізу мен жеке меншік формаларының барлық заңды тұлғалар жылдық есептерінің мәліметтері, олар құрамына өндіріс, еңбек ресурстары көрсеткіштерін, негізгі қордың қозғалысы мен пайдалануының жағдайын, қаржылық жинақтарын қосады. Бұндай жазбалар белгілі форматта қатаң ережелермен беріледі, әрі олар оңай байланысады. Жүйе пайдаланушылар талаптарын қанағаттандыру үшін әртүрлі файлды құрылымы бар автоматтандырылған мәліметтер қоры құрылады. Қолдану әдісі бойынша мынадай файлдар ерекшеленеді:

- ауыспалы ақпаратты (қабыданып, есептелген мәліметтер)
- нормативті-анықтамалық ақпараттар (жер бағасы шкаласының мәліметтері)
- метаақпараттар (классификатор, индекстер т.б. қызметтік ақпарат).

Осындай жолмен файлдарды реттестіру ақпараттарды жауабы болатын жер бағалау көрсеткіштерін есептеу үшін оларды тұрақты (бағалау шкаласының мәліметтері, пайдаланатын классификатор тұтастығы) және айнымалы (а.ш.алқаптарын орналастыру мәліметтері, шаруашылық жерлерін бағалау ведомосі, жылдық есеп мәліметтері) [4].

Электрондық есептеуіш машинаға ақпарат бір-ақ рет енгізіледі, басқа бөлімі мәліметтер базасын жүктеу және функционалдау нәтижесінде пайда болады. Қызмет көрсетуші локальды автоматтандырылған кадастр жүйелері жаңа талаптарға бейімделіп мәліметтер тарататын бірыңғай жүйеге қосылады.

Екінші кезеңде барлық деңгейдегі жер ақпараттық мәліметтер қоры негізі қаланады. Осы кезеңнің ең басты қарастыратын мәселесі-жүйенің өңдеу, құрылу және эксплуатациясын қамтамасыз ететін мамандарды дайындау.

Бұл жағдайда жаңа технологияны танып білу, жүйені тіркеу қажеттігі туындайды.

Екінші кезеңдегі жүйенің құрылуына, өңделуіне кететін шығындарды анықтайтын негізгі құрам бөліктері:

- программа-техникалық кешендер құрылу негізі (енгізу, орналастыру)
- нормативті-құқықтық қордың және программалық құралдардың өңделуі мен бекітілуі;
- кадастрлық қамтамасыз ету;
- ақпараттық қамтамасыз ету;
- эксплуатациялық шығындар.

Жер кадастрының автоматтандырылған жүйесі көпмақсатты, мамандандырылған кешен болып табылады, ол арқылы жаңа технологиялар көмегімен кадастрлық ақпараттарды жинақтау, сақтау, өңдеу, тарату жүзеге асырылады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан жер ресурстары, 2008, Журнал № 3, Мировой опыт создания и ведения земельного кадастра
2. Қазақстан жер ресурстары, 2009, №1
3. Земельный Кодекс Республики Казахстан, Алматы, 2003г.
4. Есполов Т., Жоламанов Т., Пентаев Т., Абралиев О. «Жер кадастры», «Дәуір», 2013ж.

Ерменов Р.Т., Джуламанов Т.Д.

ПРИСОЕДИНЕНИЕ ТЕРРИТОРИЙ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ УЧРЕЖДЕНИЙ К ИНФОРМАЦИОННОЙ СЕТИ УЧЕТА ЗЕМЕЛЬ ПОСЛЕ ПРИВАТИЗАЦИИ

Присоединение сельскохозяйственных учреждений к сети после приватизации.

Ключевые слова: Земельные ресурсы, нормативно-справочная информация, сельскохозяйственные угодья.

CONNECTING TO NETWORK AGRICULTURAL INSTITUTIONS AFTER PRIVATIZATION

Connecting to network agricultural institutions after privatization is presented in this paper.

Key words: land resources, normative and background information, agriculturally used areas.

ӘОЖ 502.4:338.484 (574.53)

Ештаев Б.Д., Кентбаев Е.Ж., Шыныбеков М.К.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ «САЙРАМ-ӨГЕМ» МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ ПАРКІНДЕ ЭКОТУРИЗМДІ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи аймақтарының бірі - «Сайрам-Өгем» мемлекеттік ұлттық табиғи паркіндегі экотуризмді дамыту жолдары қарастырылып, туризм жұмыстарына талдау жасалған.

Кілт сөздер: мемлекеттік ұлттық табиғи бақ, экотуризм, ерекше қорғалатын табиғи аймақтар, қорғалатын табиғи аймақтар, халықаралық табиғат қорғау одағы, айлық есептік көрсеткіш.

Кіріспе

Соңғы екі мың жылдықта экотуризм жақсы дамуда және болашақта оның одан әрі дамуы күтілуде. Бұл негізінен адамдардың табиғи ортасы жақсы дамыған, ауасы мен суы таза табиғи жерлерде демалуға ұмтылумен байланысты. Экотуризм соңғы жылдары бүкіл әлемде қолдау тапқан туризмнің жаңа бағыты. Осыған байланысты Біріккен Ұлттар Ұйымы 2002 жылды Халықаралық экотуризм жылы деп жариялаған.

Қазақстанда экотуризмді дамытудың үлкен мүмкіндігі бар. Оған негізінен аймақтың геополитикалық жағдайы, яғни халықаралық туристік және саудалық ағындардың осы территория арқылы өтуі, саяси тұрақтылық, елдегі көптеген табиғи ландшафтының, архитектуралық, тарихи-мәдени рекреациялық ресурстардың алуан түрлігі себеп. Қазақстанда экотуризм дамуының негізі болып, көптеген елдердегі сияқты, ерекше табиғи жер бедері мен ерекше қорғалатын табиғи аймақтар саналады.

Ерекше қорғалатын табиғи аймақтар (ЕҚТА) дегеніміз – белгілі бір аймаққа тән табиғи кешенді халық игілігіне жарату мақсатымен мемлекет тарапынан қорғалатын, ғылыми, тарихи, мәдени және эстетикалық мәні бар табиғат нысандары. «Табиғат – ел байлығы», «Жері байдың – елі бай» деп халқымыз қазақ бекер айтпаған. Табиғат адамның ежелден бергі тіршілік етіп келген және мәңгілік мекен ете беретін алтын бесігі. Туған жер табиғаты–халқымыздың ұлттық мақтанышы. Сондықтанда табиғатты қорғау халық парызы, әр адамның алдында тұрған міндеті [1].

Адам баласы XX-XXI ғасырлар аралығында негізгі қауіп-қатердің бірі-қоршаған ортаның ластанып, нашарлауына тап болды. Осыған байланысты экожүйені әлемдік, аймақтық және ұлттық дәрежеде қорғау жалпы мақсатқа жетудегі негізгі міндеті болып табылады. Әлемдегі ең ірі және беделді табиғат қорғау одағы (ХТҚО, ағылшынша қысқартылған атауы - IUCN) болып табылады, оған бірнеше мемлекеттер, сонымен қатар халықаралық және ұлттық үкіметтік емес бірлестіктер мүше болып кіреді. ХТҚО бүкіл әлемнен алты белгілі мақсатқа арналған бағытта жұмыс істейтін бірнеше мыңдаған